



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жаңа Жібек жолы – интеграциялық үдерістер алаңы [Электронды ресурс]: «Казинформ» халықаралық ақпарат агенттігінің ресми сайты. Қолжетімділік режимі: http://www.inform.kz/kz/zhana-zhibek-zholy-integraciyalik-uderister-alany_a2659850
2. Сыроежкин К. Қытай және Қазақстан: аңыз-үрейлер мен шындық [Электронды ресурс]: «Капитал» іскерлік ақпарат орталығының ресми сайты. Қолжетімділік режимі: <https://kapital.kz/expert/39499/ytaj-zh-ne-aza-stan-a-uz-rejler-men-shyndy.html>.
3. Сыроежкин К.Л. Қазақстан-Қытай: шекаралық саудадан стратегиялық әріптестікке дейін. – Алматы: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2010. – 334 б.
4. Амангелді Ә. Қытайдың «жұмсақ күш» саясаты [Электронды ресурс]: «Алматы ақшамы» қоғамдық-саяси газетінің ресми сайты. Қолжетімділік режимі: <http://almaty-akshamy.kz/2016/08/03.html>.
5. Біржан С. Қазақстан – Иран: ынтымақтастықтың жаңа көкжиегі [Электронды ресурс]: «Егемен Қазақстан» Республикалық газетінің ресми сайты. Қолжетімділік режимі: <https://egemen.kz/article/kazakstan-%E2%80%93iran-intymaktastyktyn-zhana-kokzhiegi>.

ӘОЖ 339.9

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҮНДІСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ БАҒЫТ-БАҒДАРЫ

Әукен Бауыржан

b-aukenov@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Халықаралық қатынастар факультеті, аймақтану кафедрасының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Ахмет Ә.С.

Мемлекетіміздің Үнді елімен байланысы өте маңызды, себебі Қазақстан Үнді елінің энергетика саласындағы ірі тасымалдаушысы бола алады. Соңғы жылдардағы еліміздегі мұнай өндірісінің артуы, қазіргі таңдағы Үндістанның мұнайға деген сұранысын қанағаттандырады. Ал Үндістан өз кезегінде ақпараттық технологиялар, туризм, фармацевтика салаларында Қазақстанға өз тәжірибесін ұсына алады.

Жаңа заманғы Қазақстан Республикасы мен Үндістан арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар 1992 жылдың 23 ақпанынан бастап орнатылған. 1992 жылы мамыр айында Алматыда Үндістан Республикасының, ал 1993 жылы қараша айында Делиде Қазақстан Республикасының елшілігі ашылды. 1992 жылы ақпанда Президент Н.Ә. Назарбаев Үндістанға бірінші ресми сапарын жасады. Сапар барысында мемлекетаралық қатынастардың негізгі қағидалары мен бағыттары жөніндегі декларацияға, дипломатиялық қарым-қатынастар орнату жөніндегі протоколға, сауда-экономикалық қатынастар, ғылым мен технология, мәдениет, өнер, білім, ақпараттық құралдар мен спорт салаларындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімдерге қол қойылды. 2002 жылы 11 — 15 ақпанда Н.Ә. Назарбаев Үндістанға кезекті сапармен барып қайтты. Онда Қазақстан — Үндістан Бірлескен декларациясына қол қойылды. Жауап ретінде Үндістан басшылығы да бірнеше рет Қазақстанға ресми сапармен келді. Қазақстан мен Үндістан арасында сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, өнеркәсіп пен мәдени ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық Қазақстан Үндістан Біріккен комиссиясы құрылған. Ол әр түрлі салалардағы екі жақты ынтымақтастықты тереңдету мен дамытудың маңызды құралы болып отыр [1]. 2005 жылы екі ел арасындағы тауар айналым \$120 млн АҚШ долларына жеткен. Оның ішінде қазақ экспорты (2004 ж. - 10,5 млн. доллар) екі есеге өсіп, 19,5 млн. АҚШ долларын құрады, ал осы мерзімдегі импорт 100,5 млн. долларға тең болды.

Қазақстан Үндістанға тұз, күкірт, әк пен цемент, былғары шикізаты мен қара металдарды экспортқа жібереді, және кофе, шай, темекі, органикалық химиялық қоспалар,

дәрі-дәрмектер, пластмасса және одан шыққан заттарды, каучук, резеңкеден жасалған жабдықтар мен механикалық жабдықтарды және электр машиналарын импорттайды. Қазақстан экономикасына тартылған үнді инвестициялар көлемі 13,2 млн. АҚШ долларын құрайды. Үндістан IT-бағытында әлемде жетекші орынды алады. Және аталмыш бағытта Үндістан Қазақстанмен жұмыс атқаруда. Сөйтіп, 2005 жылдың жаз айларында біздің елде ірі Үнді IT-компаниялары жұмыс істеуін бастады. Оларға: 3i-Infotech, Tata Consultancy Services мен NIIT жатады [2].

Үндістанда Қазақстанның «Фирма «ТВЛ» және «Казстройсервис» компаниялары жұмыс істейді. Сонымен қатар Үндістанның жеке меншік құрылыс компаниялары Қазақстанда жұмыс істеуде. Мысалға, Punj Lloyd компаниясы, Атырау аймағында құны \$80 млн АҚШ доллары құрайтын құбыр тарту жобасын алған. Ал – KEC International компаниясы Балқаштан Шу аймағына дейін \$62 млн АҚШ долларына электр тогын жеткізу желілерін салу тендрін ұтып алған болатын.

Қазіргі таңда Қазақстан мұнайы мен газын Үндістанға жеткізу мүмкіндігін қарастырып отыр. Сонымен қатар Үнді түбегіне Ресейдің де мұнайы мен газын да транзит арқылы жеткізуге болады. Әлемде екі үлкен сатып алушы бар, олар - Қытай мен Үндістан. Қытаймен байланыс бар, енді Үндістанмен қарым-қатынас орнату керек. Екі жақтық тауар-айырбас 2005 жылдағы 120 млн. долл. болса, 2013 жылы көреткіш 676,9 млн. долларға жетті [3]. 2015 жылы Ақордада «Казатомпром» мен Үндістанның атом энергетикасы жөніндегі Департаменті арасында табиғи уран концентраттарын жеткізу туралы контрактқа қол қойылды. Сонымен қатар Қазақстан мен Үндістан энергетика бағытында бірігіп жұмыс атқара бастады. Оған «Сатпаев» мұнай блокын бұрғылау жұмыстары жатады [4].

Қазіргі таңда Үндістанда 21 ядролық реактор бар. Уран қорының аздығына қарамастан Үндістан тағы 35 атомдық блок құрмақшы. Ал Қазақстанға бүкіл әлемдік Уран қорының 15%-ы тиесілі. Осыған байланысты екі ел арасындағы бекітілген контракт бойынша, 2015-2019 жылдар аралығында Қазақстан Үндістанға 5 мың тонна уранды экспорттайды. Жалпы 2005 жылдан 2014 жылдың бірінші жартысына дейін Үндістаннан бөлінген инвестиция көлемі 200 млн долларды құрайды. Қазіргі таңда елімізде 500-ге жуық Қазақстан-Үнді компаниялары жұмыс істейді. 2014 жылы Қазақстан мен Үндістан арасындағы сауда айналымы 1,3 млрд долларды құрады [5]. Қазақстан мен Үндістан өндірістік қарым-қатынасы ақпараттық технологиялар, мұнай-газ индустриясында, атом энергетикасында, фармацевтика, ауыл шаруашылығы салаларында жақсы дамыған.

Қазақстанның экономикалық күшінің дамуы мен өз аймағындағы көшбасшыға айналуы, Үндістанның елімізге деген қызығушылығын оятты. Жоғары деңгейдегі кездесулер екі ел арасындағы жақсы қарым-қатынастарға әкеліп соқты. Еліміз бен Үнді елінің қарым-қатынасы даму потенциалы өте зор, алайда қазіргі кездегі байланыс аса биік деңгейде емес. Екі жақтың саяси-экономикалық мүмкіндіктері толығымен ашылмаған. Қазіргі кезден де жоғары қарым-қатынастарды орнату үшін келесі факторларды атап көрсетуге болады:

- Елдердің алшақ орналасуы мен байланысқа қолайлы бірыңғай транспорттық байланыстың болмауы;
- Ресей мен Қытайдың аймақтағы экономикалық бәсекелестігі.

Қазақстан өнімі Үндістанның нарығына жеткілікті жағдайда қажет. Себебі, Үндістанның ішкі тұтыну нарығы өте ауқымды және осы себепті, еліміздің компаниялары мен тауар өткізуші кәсіпкерлеріне жаңа бағытта мүмкіндіктер тудырады. Әрине, бізге қазіргі таңда Үнді технологияларымен бәсекеге түсу әлі ерте, алайда шикізат жеткізіп, инвестициялар салуға мүмкіндіктер бар. Сонымен қатар, кіші және орта бизнесты дамытуға болады.

Қазақстан-Үндістан арасындағы экономикалық қарым-қатынастардың негізгі дамытуға болатын бағыттарын анықтайтын болсақ:

- Энергетика саласы. Қазіргі таңда Үндістан үшін Қазақстанның энергетикалық ресурстары аса маңызды сектор болып табылады. Себебі, елдің экономикасы қарқынды дамып келе жатыр және мұнайдың бағасының өсуі мен тұрақсыздығы. Сонымен қатар, Үнді

елі мұнай ресурсының 87%-ын тұрақсыз Таяу Шығыс елдерінен алады. Осы себепті, ол мұнайды жеткізудің өзге бағыттарын қарастыруда. 2008 ж. бастап Үнді «Gujarat State Petroleum Corporation Ltd» компаниясы «ЭмбаМұнайГаз» компаниясымен келіссөздер жүргізілген [6].

– Атом энергетикасының дамуы екі жақтық қарым-қатынастарға үлкен пайдасын алып келмек. Осыған байланысты 2009 ж. Қазақстан Президентінің Үндістанға сапарында «Казатомпром» мен Үнді Ұлттық атом энергетикасын дамыту корпорациясы арасында келісім орнады. Онда Үндістан компанияларының еліміздің уран өнеркәсібі секторына инвестиция салуы мен атом электр станцияларын құру мәселелері талқыланып бекітілді. Аталмыш келісім екі жаққа да пайда алып келеді. Себебі, Қазақстанға кіші атом электр станцияларын салса, ол еліміздің экономикасына үлесін тигізбек. Ал, Үндістан болса, қазіргі таңда атом энергетикасын дамыту үстінде және атом жанармайына тапшы. Ал Қазақстан бойынша атом қоры, және өндіруі бойынша әлемде алдыңғы орынды иемденген.

– Қазақстан Үнді елімен ақпараттық технологиялар саласы бойынша тығыз қарым-қатынас орнатуға тырысады. Себебі, қазіргі таңда IT-жобалары саласында бүкіл әлем бойынша 2-ші орынды алады. Үнді технологиялары батыстікінен кем түспейді және бағасы жағынан арзанырақ болып келеді. Осы таңда Үнді IT-мамандары әлемде ерекше орын алады. Және аталмыш бағытта жоғары білімді мамандарды дайындауда да бірталай жетістіктерге қол жетті. Мысалға, Үндістан мемлекеті ішінде ғана емес, сыртында да бәсекеге дайын жылына жарты миллион абитуриент шығарады. Осылайша, Қазақстандық IT-мамандарды даярлау бағытындағы Үнді елімен байланыс, жоғары мамандырылған тұлғалардың шығуына алып соғады.

– Тағы да бір Қазақстан-Үнді қарым-қатынасының перспективті бөлігі - ғарыш технологияларын игеру болып табылады. 2009 жылы ҚР Президентінің Үндістанға сапары барысында, ҚР Ұлттық ғарыш агенттігі мен Үндістан ғарыш кеңістігін игеру ұйымы арасында аталмыш сферадағы қарым-қатынас жайлы меморандумға қол қойылды. Үндістан 1969 жылдан бастап ғарышты игеру саласында жұмыс жасай бастаған ел. Қазіргі таңда оның ғарышта IRNSS атты 7 спутниктері орналасқан [7]. Үнді елі аталмыш салада даму үстінде, сондықтан да Қазақстанға үнді астро-физиктерінің ракета құрудағы және аса дәл көрсететін навигациялық жүйе жайлы білімдері қажет.

– Фармацевтика өндірісі - Қазақстан-Үнді ынтымақтастығының ерекше саласына айналуы мүмкін. Осы саланың дамуы жағынан Үндістан әлемде екінші орынды иемденеді. Аталмыш сала қазіргі таңда елдегі ғылым секторында жетекші орынды алады. Және жыл сайынғы өсім 9% ды құрайды. Қазіргі таңда Үнді фармацевтика компаниялары әлемнің 25% дәрі-дәрмектерін шығарады. 2005-2010 жж. Аталмыш салада өсім 15-20%-ды құрады. Осындай қарқынды дамуы мен төмен бағаға ие Үнді фармацевтикалық өндірісі үлкен перспективаға ие. Осыған байланысты Үндістан біздің елге маңызды серікте бола алады. Қазақстан жыл сайын 500 млн.долл. фармацевтика тауарларын импорттайды. Осы жағдайда Үнді елі Қазақстанда фармкомбинаттар тұрғызса, екі жақта пайдаға кеңелуші еді. Елімізге мұндай ынтымақтастықтың үлесі зор болар еді. Себебі, халқымыз арзан, әрі сапалы дәрі – дәрмек қабылдайтын болар еді. Ал, Қазақстан флорасының алуан түрлілігі компанияларға дәрі-дәрмектердің жаңа түрлерін ашуға мүмкіндік беруші еді. Және фармакологтардың тәжірибе алмасуына алып келуші еді.

– Екі елдің арасындағы қаржы саласындағы байланыстың болашағы бар. Себебі, әлемдік қаржылық дағдарыс кезінде Үндістан жақсы макроэкономикалық көрсеткіштерді жариялады. 1998 ж. Үндістан ұлттық банкі «Punjab National Bank» ТМД елдерінің ішінде өзінің жалғыз филиалын ашқан болатын. Ал 2010 ж. 23,7 млн. долл. «Данабанк» акцияларын сатып алған болатын.

– Туризм дамуы. Үндістанда экономиканың ерекше саласы болып табылады, ЖІӨ-ң 6,4% құрайды және жылына орташа есеппен 120 млрд.долл. қаражат алып келеді. Сондықтан да, Қазақстанның Үнді туризмінің даму тәжірибесін алу мүмкіндігі бар [8].

Қазақстан мен Үндістанның арасындағы қарым-қатынастардың негізгі бағыты –

энергетикалық сфера болып табылады. Күн тәртібінде мұнайлы-транспортты инфрақұрылымды дамыту мәселесі алға қойылып отыр. Осыған орай, «Солтүстік – Оңтүстік» (Ақтаудан Иран арқылы Оңтүстік-Шығыс Азияға) транспорттық коридордың даму мәселесі маңызды орын алады. Мұнай-газ саласында мұнай өндіру үлкен мәселе болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстанда 3 мұнай өндіруші зауыттар жұмыс істеп тұр. Олардың біріншісі – Солтүстік аймақты (Павлодар), екіншісі – батыс аймақты (Атырау), үшіншісі – оңтүстік аймақты (Шымкент) қамтамасыз етеді. Алайда, қолданылып отырған технологиялар әлем стандарттарымен мүлдем беттеспейді. Ал газ өндіруші бағытты алатын болсақ, онда да еліміздің батыс өңірінде 3 газ өндіруші зауыттар жұмыс істейді. Біріншісі – Жаңаөзен қаласында, екіншісі – Тенгиз аймағында, үшіншісі – Жанажол аймағында. Әрбірінің қуаты (жылына): 1,5; 7,3; 3 млрд.куб. Бақылауларға қарасақ, елімізде газдың қолданылу көрсеткіші жылдан жылға өсуде. Қазіргі таңда мұнай-газ өндірудегі Үндістанның тәжірибесін алу мен сәйкесінше технологияларға жаңартулар енгізу негізгі басты мәселе болып табылады.

Қазақстанмен Үндістанның арасындағы энергетика саласындағы өзге перспективті бағытқа атом сферасындағы қарым-қатынас жатады. Бүгінгі энергетикалық дағдарыс кезінде, әлем энергетикасы атом электростанцияларын құру арқылы дамитыны белгілі. Күннен күнге атом реакторларын салғысы келетін елдер қатары көбеюде. Осыған орай табиғи уранға сұраныс көбеймек. Қазіргі тенденцияларға байланысты, ерекше табиғи қорларға ие болғандықтан, «Казатомпром» уран өндіруді бірнеше есе ұлғайту бағдарламасын әзірлеген. Соның нәтижесінде, 2003 ж. 3 мың т. – 2010 ж. 15 мың т. дейін өскен болатын. Соның арқасында, қазір Қазақстан мен Үндістан арасында атом энергетикасы саласы даму үстінде. Қазіргі таңда Үндістан нарығы үлкен потенциалға ие, себебі ол үлкен қарқынмен АЭС салу үстінде. Мамандардың айтуынша, 2020 ж. қарай Үнді елінде 24 АЭС іске қосылады. Ал бұл көрсеткіш ең алдымен Казатомпромға тиімді. Себебі, Казатомпром үшін – өнімнің тиімді тұтынушысы болады [9]. Екі ел арасындағы энергетика саласында тағы бір болашағы зор сала – жаңармалы қуат көздерін қолдану болып табылады. Және, Үндістан аталмыш салада үлкен тәжірибеге ие. Қазақстан, өз кезегінде жасыл энергетиканы дамытуға үлкен күш салуда. Оны біз 2017 ж. өткізілетін ЭКСПО көрмесінің идеясынан байқауымызға болады. Сонымен қатар, біздің ел жаңармалы қуат көздерін гидро, жел, күн энергиясы салаларында дамытуда үлкен потенциалға ие. Мамандардың айтуынша, Қазақстанның ГЭС-ы қазіргі таңда 8 млрд.кВт/сағ, алайда оны 30 млрд. кВт/сағ өндіруге мүмкіндігі бар екен.

Тағы да бір энергетика түрі – жел энергиясын қолдану. Солтүстік шардың жел белдеуінде орналасқан Қазақстан теорияда 1820 млрд. кВт/сағ. жел күшіне ие. Алматы облысындағы Жонғар қақпасы аймағында жел электростанциялардың күші 1000 МВт-ты құрайды, ал ол шамамен 3 млрд. кВт/сағ. жылдық электроэнергия көрсеткіші болып табылады. Аталмыш жобаны жүзеге асырған жағдайда, Оңт. Қазақстанға қажетті электроэнергияны толығымен ақтап, оны экспорттауға мүмкіндік туар еді. Энергетика Министрлігі ақпараты бойынша, 2030 жылға дейін еліміздің 46 аймағында жел-станцияларын салу жоспарда бар. Станциялардың барлық энергиясы 1 млн. кВт/сағ. құрауы мүмкін. Аталмыш жобаны іске асырғаннан соң, облыстарда 40 МВт электроэнергия қосылуы керек. Тағы да бір үлкен болашағы бар энергетика түрі – күн энергиясы. Энергияның аталмыш түрі әсіресе оңтүстік-батыс өңірлерде күшті болмақ. Осылайша күн энергиясын жылумен қамтамасыз етуде суды ысытуда қолдануға болады. Алайда, қазіргі таңда еліміздің жаңармалы қуат көздерін қолдану 2% ғана алады [10]. Аталмыш энергетика саласында екі ел арасындағы қарым-қатынас экономикадағы ең табысты болып табылады. Және де, сол арқылы қазіргі жылдан жылға дамып келе жатқан әлемдік кризисті өткеруге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://kisi.kz/> Казахстанско-Индийские отношения/Чрезвычайный Полномочный Посол Республики Индия в Республике Казахстан - АшокКумарМукерджи;
2. Журнал Вестник КарГУ/ Г.М.Смагулова, С.М.Нуржанова/ Казахстанско-Индийские отношения на современном этапе:перспективы сотрудничества. Историко-правовой аспект;

3. Товарооборот Казахстана и Индии в прошлом году превысил миллиард долларов/Оксана Давыдова/Республиканская общественно-политическая газета «Литер» газета 9 июля 2015;
4. Деловые круги Индии заинтересованы в развитии торгово-экономических связей с Казахстаном //iba- moscow.ru/cgi-bin/iba/news. — 2004. 19 сент;
5. Добыча урана // www.kazatomprom.kz;
6. Economic Survey 2007/08, Ministry of Finance, Government of India;
7. <http://www.isro.gov.in/irnss-programme>;
8. ИНДИЯ – КАЗАХСТАН: ПЕРСПЕКТИВЫ СТРАТЕГИЧЕСКОГО ПАРТНЕРСТВА Материалы международного семинара Алматы 2011;
9. Итоги пресс-конференции Национальной компании «Казатомпром» от 3 февраля 2009 г. // www.kazatomprom.kz;
10. Солнце, воздух и вода как альтернатива традиционной энергетике Казахстана // Международный деловой журнал KAZAKHSTAN. – 2006. – № 3.

ӘОЖ 332.135(4-15)

ЕУРОПАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ КЕЗЕҢДЕРІ

Балабек Жанар Жексенбекқызы

bzhanara96@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰҰ-нің Халықаралық қатынастар факультеті, аймақтану кафедрасының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Ахмет Ә.С.

XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың алғашқы жылдарында халықаралық қатынас пен дүниежүзілік саяси процесс жүйесінің дамуын Еуропалық кеңістік сияқты негізгі және белгілі факторсыз көру мүмкін емес. Оның пайда болуын тарихтағы маңызды үрдіс деп атасақ та артық болмайды. Жарты ғасыр бойы созылып келген Еуропалық интеграцияның дамуы Еуропа кеңістігінде тауардың, капитал, адам және қызметтің еркін қозғалысына мүмкіндік беретін, яғни ортақ нарқтың пайда болуына жағдай жасауға тырысты. Бүгінгі Еуроаймақтың жағдайы ауыр болғанына қарамастан, бұл интеграциялық ұйымның ешбір теңдесі жоқ, дамуы бойынша барлық интеграциялық кезеңдерден өткен жалғыз ұйым екенін айтып өтуіміз керек.

Интеграцияның алғашқы кезеңі 50 жылдардың соңы – 70 жылдардың ортасы «қоғамдастықтың» алтын ғасыры болып табылады. ЕКББ жүзеге асырылуының сәттілігімен қанағаттанған алты мемлекет Еуропалық экономикалық қауымдастық (ЕЭҚ) құруға ниет білдірді [1]ЕЭҚ мүше мемлекеттердің әлемдік соғыстардан зардап шеккен экономикаларына жәрдем беру мақсатында 1957 жылғы Рим келісімінен сәйкестікте ұйымдастырылып, мүшелердің арасында тікелей экономикалық қарым-қатынастар мен ортақ ішкі нарықты құруды көздеді. Ол Кедендік одақтың мерзімінен бұрын құрылуымен, бірыңғай аграрлық нарығының құрылуымен, Еуропалық экономикалық қауымдастыққа үш мемлекеттің: Дания, Ұлыбритания, Ирландияның кіруімен ерекшеленді.

ЕЭҚ-тың құрылуының мақсаттары: [1]

- Қатысушы елдер арасындағы саудалық шектеулерді алып тастау;
 - Үшінші мемлекетпен сауда үшін жалпы кедендік тариф орнату;
 - «Адам, капитал, қызмет» қозғалыстарына деген шектеулерді алып тастау;
 - Валюталық одақты құру;
 - Салықтық жүйені унификациялау;
 - Заң шығаруды жақындастыру;
 - Экономикалық саясатты үндестіру мақсатындағы принциптер жетегінде жұмыс істеу.
- Осы мақсаттарды іске асыру үшін комплексті басқару құрылымы – ЕЭҚ министрлер